Н. Назарбаев еліміздің егемендігін тұңғыш жариялап қана қоймай, ерлікті еңбекпен, даналықты әлемдік саясатпен ұштастырды, елдің ел болып өркен жаюына, өркениетті мемлекет дәрежесінде танылуына білімі мен билігін, ойы мен парасатын, күш-қуаты мен жігерін аямай жұмсауда. Президентіміз мемлекет басшысы ретінде елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыттарын кемеңгерлікпен айқындап, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік жүргізу құқығын Қазақстан Республикасы Конституциясына сай жүзеге асырып келеді.

Президент Н. Назарбаевтың алдына қойған ең басты мақсаты да адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын Конституцияға сәйкес іске асыру, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ел бірлігін сақтау, мемлекеттің экономикасын және саяси жүйесін дамыту, халықтар достығын нығайту, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу екені баршаға аян.

Мемлекетіміздің атынан өкілдік етіп келе жатқан ең жоғары лауазымды тұлға Президент Н. Назарбаев еліміздің абыройын, атағын асқақтатып, Отанымыз Қазақстанның беделінің асқақ көрінісінің бірі – Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі болып табылады, ал 2011 жылы Қазақстан халқының саны 1,5 млрд. адамды құрайтын 57 мемлекетті біріктірген Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етті.

2012 жылы 14 желтоқсанда жариялаған Елбасының «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында еліміздің XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылу қажеттілігін паш етті.

2012 жылы 22 қарашада Халықаралық көрмелер бюросының №152 Бас ассамблеясында өткізілген құпия дауыс беру нәтижесінде 163 мемлекет арасынан 103 дауысты иеленген Қазақстан 2017 жылы кезекті халықаралық «ЭКСПО» көрмесін Астанада өткізу құқығына ие болды. Алдағы осы көрмеге жүзден астам мемлекеттерден 8 миллионнан астам турист келеді деп болжануда. «ЭКСПО-2017» көрмесі Қазақстанның жетістіктерін әлемге тағы да танытары сөзсіз.

2013 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Еуразиялық одақ құрылды. Ежелден достығы жарасқан мемлекеттер Беларусь, Ресей, Қазақстанның экономикалық одағы құрылып, мемлекеттер дамуының, өркендеуінің алғышарты жасалды. Қазіргі кезде бұл одаққа кіруге тілек білдіруші мемлекеттердің саны арта түсуде. Осы одақтың құрылуы да Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың даналық саясатынан, алысты болжайтын көрегендігінің айқын көрінісі.

Мемлекет басшысы 2015 жылы жариялаған 5 институттық реформа, яғни одан туындайтын «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары да туған Отанымыз – Қазақстан Республикасын әлемдегі аса дамыған өркениетті елдер қатарына қарай жақындата түсетіні еш күмән туғызбайды. Елімізде оған алғышарттар да жеткілікті.

Оның үстіне үстіміздегі жылы өткен «НұрОтан» партиясының XV съезінде елімізді одан әрі дамыту, өркендету жолын көрсеткен Доктрина қабылданды. Мұның бәрі қазақстандықтар үшін зор мақтаныш.



Елбасының беделі – елдің берекесі. Барды бағалай білу – елін, мемлекетін сүйген әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – өз биігіне қажырлы еңбекпен, ақыл-парасатымен, адамгершілігімен, ұлтжандылығымен, өз жерін, елін жан-тәнімен сүйгендігімен сатылап жеткен ұлы қайраткер.

Нью-Йоркте БҰҰ Бас ассамблеясының 2015 жылы өткен 70-сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік құрылымды трансформациялау бойынша мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жария еткен кең ауқымды бастамалары қазір барлық елдердің баспасөз құралдарында кеңінен жарияланып, дүниежүзілік қызығушылық тудыруда.

Біріккен ұлттар ұйымына мүше 193 мемлекеттің өкілдері алдында Ассамблея сессиясында халықаралық маңызы зор ұсыныстарды ұсыну – біздің еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ерекше дара тұлға екендігін көрсетті және әрбір қазақстандық үшін зор мақтаныш.

Ел-жұрты құрметтеген, халқына қадірі асқан, мемлекет дамуының ұйымдастырушысы болған тұңғыш Президент – Елбасының конституциялық құқығы заңмен қорғалады. Мысалы, 2014 жылы қабылданып, 2015 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген Қылмыстық кодекстің 177-бабында тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өміріне, оның қызметіне кедергі жасау, осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған қол сұғушылықтар үшін Қылмыстық кодекстің 373-бабында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзге де қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің заңды қызметіне кедергі жасағаны үшін арнайы жауаптылық белгіленген.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан эволюциялық жолмен, бейбіт дамудың нәтижесінде саясатта, экономикада, халықаралық қатынастарда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен көптеген жетістіктерге қол жеткізді. «Тәуелсіздік – ел тілегі, ал Елбасы – ел тірегі» екенін өмірдің өзі растап отыр. Қазақстанның біртұтастығын, демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет екендігін, адам құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін паш еткен Қазақстанның тұңғыш Президенті күнін тойлау – үлкен қуаныш. Ендеше, мереке құтты болсын! Еліміз өркендеп дами берсін!

**Арықбай АҒЫБАЕВ,**
*з.ғ.д., профессор,*
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

# ЕЛБАСЫМЕН ЕРТЕҢГЕ

***Қазақстанның тұңғыш Президенті күні қарсаңында «Ақпараттық жүйелер» мамандығының куратор-эдвайзері профессор Б.Б. Бөрібаевтың жетекшілігімен «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында ашық кураторлық сабағы өтті.***

Шара барлық студенттер мен қатысушылардың ел Әнұранын шырқауымен басталды. Сонан соң алғашқы болып сөз алған топ кураторы Б.Б. Бөрібаев Елбасының сарабдал саясатының арқасында жастарға білім алып, мамандықты үздік игеруге мол мүмкіндік туып отырғанын, ел ертеңінің білімді жастардың қолында екенін жария етті. Президент саясатын қолдап, ұсынған түрлі әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруға бәріміз пәрменді ат салыссақ, келешегіміздің кемел, болашағымыздың айқын екенін айтып, тізгінді студенттерге ұстатты.

Студент Әйгерім Дүйсенбаева елі сүйген, елін сүйген Елбасымыз, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың өмірбаянын фотосуреттермен көркемделген слайд-шоу арқылы баяндап шықты. Президенттің өз заманының озық ойлы мемлекет басқарушылары қатарында екенін әлем мойындап отырғанына тоқтала келіп, оның БҰҰ мінбесінен мемлекеттік тілімізде көтерген мәселелерін де айтып берді, жаңашыл пікірлеріне тоқталды. Ол залдан қойылған сұрақтарға да толыққанды жауап беріп, тыңдаушы студенттер мен оқытушы-профессорларды тәнті етті.

Әрі қарай студенттер Ақниет Төлеген мен Әсем Әлібаева кезектесе отырып, Елбасының қаламынан туындаған саяси шығармалардың маңыздылығына, өзектілігіне назар аударса, Гүлбану Алпысбай Елбасы туралы жазылған көркем шығармалардан үзінділер келтірді.

Кураторлық ашық сабақ студенттер дайындаған шағын концертке ұласты. Топ мүшесі Нұралы Дінмұхамедтің орындауындағы Н. Тілендиевтің «Ата толғауы» күйі мен Зайтин Ерланның мәнерлеп жатқа оқыған Елбасына арнау-өлең шумақтары шараға қатысушылардың көңілінен шықты.

**Б.Қ. ӘБЕНОВ,**
*ақпараттық жүйелер кафедрасының*
*аға оқытушысы*

***Қазақстан үшін 1 желтоқсан - ел тарихындағы ерекше атаулы, мерейлі күн болып саналады. Осы айтулы күнге орай философия және саясаттану факультеті педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының I курс студенттері «Елімнің бағы - Елбасы!» атты ашық кураторлық сағат өткізді.***

# ЕЛІМНІҢ БАҒЫ - ЕЛБАСЫ!

Кештің шымылдығы Елбасымыздың өмір жолына арналған видеороликпен ашылды. Билік тізгінін қолға ұстаған жылдардағы Президентіміздің биік болмысын, кемел дарынын, Елбасы ретіндегі көсемдік қасиеттерін бүгінгі ұрпақ жақсы білуі керек. Сондықтан көрермендерге викториналық сұрақтар қойылды. Студенттер арасында Елбасына арнап жырдан шашу шашқандар да болды. Әсем Әжмәмбет:

Елбасы – байтақ елдің арысысың,
Ақ орда – Қазақстан намысысың.
Көш бастаған аяулы ер Нұрағамыз,
Азияның теңдесі жоқ барысысың! –деп жырласа, Шолпан Мейманхан:
Тәңір сүйген!
Елін сүйген!
Нұр атам бар кемеңгер!
Қолдан келсе, ұқсап баққын осы жанға, өрендер
Қолдан келсе, Отанды сүй, өтей білгін парызды,
Еңбек етіп, азат елді тек бақытқа бөлей бер! – деп толғады.

Еліміздің ұлы тұлғасына арналған тәрбие мен өнегеге толы кеш жастардың бойындағы ұлттық рух пен патриоттық сезімді шыңдай түсті.

**Әлия ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**
*педагогика және білім беру менеджменті*
*кафедрасының доценті*

**4 желтоқсанда Әл-Фараби кітапханасында Халықаралық қатынастар факультетінің 20 жылдығына арналған салтанатты кеш өтеді**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# Мен жастарға сенемін!










Олар еліміздің әр аймағынан – Астана, Семей, Атырау, Ақтау, Тараз, Шымкент, Орал және тағы басқа қалалардан келді. Сіздерге азаматтық белсенділік пен Отанға деген сүйіспеншіліктеріңізді танытқан жұмыстарыңыз үшін үлкен рахмет! Ертең Сіздердің білімдеріңіз, жастық жігерлеріңіз бен адал еңбектеріңіз қуатты әрі гүлденген Қазақстанды құруға жұмсалатын болады», – деп ізгі тілегін жеткізді.

Фестиваль президиумында көрнекті ақын, «Ақиқат» қоғамдық-саяси журналының бас редакторы, Алаш халықаралық сыйлығының иегері Аманхан Әлім, танымал жазушы, журналист, «Ақтөбе ұстазы» газетінің бас редакторы Ұзақбай Төлебаев, қазақтың дәстүрлі өнерін дәріптеп жүрген белгілі әнші, композитор Нұрлан Албан қазылық етсе, «Қазақ газеттері» АҚ президенті Жұмабек Кенжалин, белгілі ақын, «Жұлдыз» әдеби журналының бас редакторы Ұлықбек Есдәулет, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Болат Бөкенов сынды елге белгілі тұлғалар тәуелсіз сарапшы ретінде шығармаларға бағасын берді.

Шарада сөз алған белгілі ақын Аманхан Әлім жастарға қарап, өзінің студенттік қызық күндерін еске алды. «Жас достар, Сіздерге қарап, бір кездегі өзімді көріп тұрмын. Бір-бірімізді білмей, танымай жүріп өздерің секілді фестивальде кездескен менің достарым қазір ақсақал болды», – деген ол жастарды досқа адал болуға, Отанды сүюге шақырды. Оның: «Еңселі ел боламыз десек, ынтымағымыз берік болуы тиіс. Қазақ жастары өз Отанына ие болғанда ғана өсіп, өркендейміз. Сендер Қазақстанды қате-кемшілігіне, аш-тоқтығына, бар-жоғына қарамай, шынайы сүйе білулерің керек. Сонда ғана біз қуатты мемлекет боламыз. Біз Сіздерге сенеміз!» – деген сөздері жастарды бір серпілтіп тастады.

Ел ертеңі жарқын болуы үшін әрбір жастың өзін-өзі жетілдіруі, азаматтық ұстанымы берік тұлға болып қалыптасуы маңызды. Бұл ойды танымал композитор Нұрлан Албан білдірді. «Қасиетті қара шаңырақ – әр қазақтың отбасында тәрбиеленіп жатқан жас буынның арманы. ҚазҰУ – тарихта өз ізін айқындап салған іргелі оқу ордасы. ҚазҰУ қалашығы еліміздің оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысынан мен мұндалап тұрған талантты жастарды бір ортаға жинап отыр. Өздеріңіздей жанып тұрған ұл-қыздардың биіктен көрінуіне тілекшімін. Біздің тірегіміз, болашағымыз – өздерің!» – деген әнші жастарға зор сенім артты.

Айта кетерлігі, «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық әлеуметтік маңызы бар жобалар байқауы, «Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты үздік студенттік эссе, «Мен жастарға сенемін!» тақырыбындағы студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар және «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық ән байқауы бойынша студенттік жұмыстар фестивальдің алғашқы кезеңінде бір ай көлемінде қабылданған.

Ұйымдастыру комитетіне еліміздің 60-тан аса жоғары оқу орнынан барлығы 636 жұмыс келіп түскен. Олардың ішінде ерекше авторлық жобалар мен шығармалар, сондай-ақ ұжымдық еңбектер де бар. Іріктеу кезеңінде 200 үздік жоба анықталып, жоба авторлары фестивальдің гала-форумына шақырту алды. Байқау жеңімпаздарын анықтауда қатысушылар ұсынған туындылардың шынайылығы, шешімдерінің ерекшелілігі, ойлау қабілетінің ұшқырлығы, тұжырымдамалығы, шығармашылық әлеуеті сияқты мәселелер басты назарда болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Жандану» экологиялық жобасы өткізген айтулы шараға ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жазушылар Одағы, «Жас Отан» жастар қанаты және Алматы қаласы әкімдігі қолдау танытты. «Қазақ радиосы» мен «Нұрмедиа» холдингі ақпараттық қолдау көрсетті.

Фестиваль аясында қатысушылар тақырыптық пленарлық және шығармашылық секциялардан бөлек, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа арналған көрмені тамашалап, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттік бизнес-инкубаторы мен студенттік клубтардың инновациялық жобаларымен танысты.

Нағыз патриот жастардың басын қосқан фестивальдің қорытынды гала-форумы Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Мемлекеттік әнұранымызбен ашылды. Салтанатты кеште сөз алған университет ректоры Ғалым Мұтанов: «Әр ел өз Отанымен мақтанады. Отанның дамуына үлес қосатын, халық игілігі үшін жұмыс жасайтын – саналы да салиқалы ұрпақ. Елбасы айтып жүрген Мәңгілік ел болуымыз үшін, ең әуелі, патриоттық сезім кез келген жастың, өскелең ұрпақтың өн бойынан табылуы керек. Әр жас өз мемлекетімен мақтанар болса, асқақ арманның орындалғаны сол шығар. Ендеше, көзінде оты, бойында жігері бар талантты жастарымыз аман болсын!» – деген тілегін жолдады.

Думанды кеште жоғарыда аты аталған тұлғалармен қатар «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің Алматы бөлімінің жетекшісі Қорғанбек Аманжол, ақын Бақыт Беделхан, «Ақиқат» журналының бас редакторының орынбасары Қыдырәлі Қойтай, "ҚАЗАҚСТАН-ZAMAN" ЖШС бас директоры Серікхан Хастүркгала, Алматы қаласы жастар саясаты басқармасының бастығы Нұрлан Сыдықов қонақта болды.

Бір айға созылған байқау қорытындысында алғашқы сайыс – «Менің ел дамуына қосқан нақты үлесім» тақырыбындағы студенттік инновациялық жобалар байқауы бойынша белді мамандар мен ғалымдардан құралған қазылар алқасы жұмыстарды жобаның жаңашылдығына, әлеуметтік маңызына, жүзеге асырылу мүмкіндігіне, шешім ұшқырлығына, жүзеге асыру механизмдері мен құралдарының нақтылығына, жұмыстың тиімділігі мен шығындардың өзара үйлесімділігіне,

**В КазНУ прошла презентация книги «Яхия Әубәкіров» из университетской серии «Өнегелі өмір»**

*Жалғасы. Басы 6-бетте*

ұсынылған жобаның келешегіне байланысты саралап, дәрежелі ІІІ, ІІ, І дипломдардың иегерлерін анықтады. Нәтижесінде, ІІІ орын иеленіп, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылым және инновациялық қызмет департаменті тағайындаған арнайы сыйлықтың иегері болып ҚазҰУ студенті – Аркадий Дзю атанды. Аталған байқаудың ІІ дәрежелі дипломымен марапатталған О.А. БАйқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенттері – Сағындық Ерасыл мен Бектұрсын Бекнұр болды. Байқаудың І дәрежелі дипломымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері – Сармамбетов Санжар, Серікбаев Жан, Пахриддин Сұлтанбек марапатталды. Осы орайда, байқау жеңімпаздары ҚазҰУ студенттері болғандықтан, 1 жылдық тегін оқу гранты О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенттері – Сағындық Ерасыл мен Бектұрсын Бекнұрға бұйырғанын айта кеткен жөн.

Студент жастардың шығармашылық қабілетін анықтайтын «Мен өз елімнің гүлдеуі үшін не істей аламын?» атты эссе байқауының жеңімпаздарын «Қазақ газеттері» АҚ президенті, белгілі журналист, публицист Ж. Кенжалин мен «Қазконтент» АҚ интернет жобалары бойынша басқарушы директоры Ж.Ө. Шолақов марапаттады. ІІІ орынды М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Могунова Татьяна, ІІ орынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Мұхамеджанова Әсем иеленді. Ал, аталған байқаудың жеңімпазы атанған және байқаудың басты сыйлығы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1 жылдық тегін оқу грантын иеленген Көкшетау техникалық институтының студенті Нұрмұхамбет Бостанбек болды.

«Мен жастарға сенемін» атты поэзия байқауында ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталып, «Қазконтент» АҚ сыйлығының иегері атанған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті А.Файзолла болды. Аталған байқаудың ІІ орын жүлдегері ретінде М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Ғилимқанов Марлен танылды. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулет марапаттаған бұл сайыстың жеңімпазы – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Кенжетайұлы Мұқағали.

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, опера әншісі Болат Бөкенов «Мәңгілік ел-мұратым» атты патриоттық әндер байқауының жеңімпаздарын анықтады. Нәтиже бойынша, ІІІ орынды Сүлеймен Демирел университетінің студенті Байборинова Нұргүл, ІІ орынды Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институтының студенті Мұзафаров Алмасқожа иеленді. Аталған байқаудың жеңімпазы болып Еуразия технологиялық университетінің студенті Әбдихан Әуезхан танылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1 жылдық грантын жеңіп алған Әуезхан өз өнерін көрсетіп, көрермендердің көңілінен шықты.

Осы орайда фестиваль қатысушыларын сөзге тартқан едік.

Бостанбек Нұрмұхамбет, фестиваль жеңімпазы: «Мен осындай ауқымды іс-шараға қатысушы ретінде ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды білдіремін. Біз түрлі аймақтардан келген жастармен танысуға үлкен мүмкіндік алдық. Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын деп жүре бермей, шын атсалысып, білек сыбана еңбек ету керек деп ойлаймын. Елі үшін аянбайтын ерлер көп болсын!»

Алпамыс Файзолла, студенттік проза аталымы бойынша жүлделі ІІІ орын иегері: «Мұндай шығармашылық байқауларды көп ұйымдастыру керек деп есептеймін. Өйткені, әдеби бәйгелер жас қаламгерге өзінің ізденіс деңгейін, туындыларының сапасын көрсетіп береді. Кім көп оқыса, көп еңбектенсе, бәйгеде соның бағы жанбақ. Сонымен қатар, мұндай байқаулар жас талаптың шабытына қанат бітіріп, жігер береді. «Мен жастарға сенемін» секілді патриоттыққа тәрбиелейтін байқаудың көрермендерге де берері көп».

Жүсіпбек Рысбек, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті: «Қазіргі таңда ғылым мен мәдениеттің, техника мен өндірістің қарыштап шапшаң дамуы әрбір адамның кәсіптік білімі мен шығармашылық қабілеттілігіне, білім алу біліктілігі мен дағдысына жаңа талаптар қойып отырғаны белгілі. Сол себепті мен өзімнің инновациялық жобамды жасау барысында ізденіс пен еңбектің арқасында ғана жеңіске жетуге болатындығына толық көзім жетті»,

Мөлдір Байбуринова, Сүлеймен Демирел атындағы университет студенті: «Форум жаңа достар табуыма себепші болды. Білім беру мен ғылым саласының озық дәстүрін жалғастыруға өзіндік үлес қосуды ойлайтын талантты ұл-қыздардың қабілет-қарымы мен ынта-жігерін көрдім. Талантты жастар жұмыла отырып, жұмыс атқарсақ, мемлекетіміз бұдан да гүлдене түсер еді».

Иә, өміршең қуаты мен сөнбес жалыны бар жас ұрпақ Мағжанның сеніміне селкеу түсірмей, сол бір өлең жолдарын бүгінде рухани күш беретін өмірлік ұрандарына айналдырғанын көргенде шын қуанасың. Білімі парасатына сай, елдің намысы мен абыройын асқақтатуды мақсат тұтқан жастарымыз бар.

Бүгінде уақыт сынынан сүрінбей өтіп, білім мен ғылымның көшінде жүрген ҚазҰУ қашанда жастарға қолдау танытады. Биыл да қаншама дарынды жас қасиетті ҚазҰУ қабырғасынан қанаттанып кетті. Елімнің гүлденуі үшін мен не істей аламын деген ой олардың көкірегіне берік орнағанына сенім кәміл. Еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарайтын ұрпақ барда Тәуелсіздігіміз мәңгі болмақ. «Алашұлы», «Сарын», «Арлан» «Хаят», «Шарапат» сынды топтар мен эстрада әншісі Бүркіт шырқаған патриоттық әндерде де қазақы рух асқақтап тұрды.

**Жұлдыз ӘБІЛ;**
**Ұлжан ИБРАИМОВА**



# Басымнан сипап, батасын беріп еді

**1 желтоқсан – ел тарихындағы айтулы мереке. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні. Осы мерекеге орай мен де өз тілегімді білдірсем деймін. Өйткені, біз, қазақ жастары – Тәуелсіз Қазақстанның үмітін артқан болашағымыз.**

Мен Елбасының басымнан сипап, алақанымен қолымнан ұстаған сәтін әркез мақтан етіп жүремін. Елбасының қаламызға келуі бізге үлкен қуаныш болып, барлығымыз тағатсыздана күттік. 2005 жылы Елбасымыз біздің қаламыз Жаркентке келгенде барша тұрғындар орталық алаңға қарсы алу рәсіміне жиналдық. Мен де анаммен бірге бардым. Әлі көз алдымда, салтанатты шерулер өтетін алаңға ел көп жиналған, бәрінің көңіл-күйлері көтеріңкі. Бір кезде «Президент келді» дегенді естіп, бәріміз орталық трибунаға қарай бұрылып, Елбасының аудан жұртшылығына арнаған сөзін тыңдадық. Елбасы трибунадан түсіп, халықтың ортасымен аяңдай жүріп келе жатты. Мен ол кезде 2-сыныпта оқимын. Президент біздің қасымызға келгенде анамның қасына келіп, анаммен сөйлесті. Әлі есімде, менің анам ол кісіге: «Осы Қазақ елінің тыныштығы, еліміздің өрлеуі Сіздің арқаңызда, біз Сізді қолдап, әрқашан Сізбен бірге боламыз!» – деп шын жүрегімен ақтарылды. Президент жылы жүзбен күлімдей қарап, анамның жүрекжарды лебіздерін тыңдап, майда қоңыр дауысымен өз тілегін айтты. Содан соң маған бұрылып, басымнан сипап атымды сұрады. Сонан соң:

– Нұртас, үлкен азамат болып, еліміздің абыройлы ұлы бол, ел тізгіні сендерде болады, – деп ақ батасын беріп, тілегін айтты. Осылай мен Елбасының батасын алдым. Содан бері Елбасының аталы сөзі, алақанының жылуы менің өміріме қуат беріп келеді. Қазір мен – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студентімін. Еліміздің болашақ дамуына қажетті мамандықтардың бірі – биологияны меңгерудемін.

Мен – Елбасымыздың перзенті Астананың құрдасымын. Мен және менің құрдастарым Тәуелсіз Қазақстанның Ұлттық идеясы – Мәңгілік елді басты бағдар етіп, жарқын келешек жолында аянбай еңбек етеміз!

**Нұртас ҚУАНДЫҚҰЛЫ,**
*биология және биотехнология факультетінің 2-курс студенті*

# Тағылымды шара

**ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған мәдени-танымдық шара өтті.**



Шетелдік жастар білім алып жатқан факультетте аталмыш шара үлкен қызығушылық тудырды. Онда Елбасының өнегелі өмірі туралы фильм көрсетіліп, баяндамалар жасалды. Сонымен қатар Елбасы еңбектерінен ұйымдастырылған көрме қатысушыларға мол мағлұмат берді. Олар Тәуелсіз Қазақстан елінің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген айтулы жетістіктерімен танысты. Елбасының еңбектерін, Астана қаласының суреттерін қызыға тамашалады.

Елін сүйген Елбасының үлкен жетістіктерге қол жеткізуі, еліне өркендеудің дара жолын ұсынуы, парасатты саясатпен халқына әрқашан қамқор болуы, толеранттылық пен татулыққа баулуы – бәрі өнегелі отбасынан бастау алғанын көрсете білген іс-шараның тәрбиелік маңызы зор болды. Шара шетелдік жастардың елімізге, Елбасымызға деген құрметін арттыра түскені даусыз.

**Р.Т. НАРАЛИЕВА;**
**Г.Т. ТІЛЕУЖАНОВА,**
*ҚазҰУ оқытушылары*

## ҚазҰУ жанындағы НАТО ресурстық және ақпараттық орталығы бесінші жыл сайынғы республикалық студентаралық НАТО мини-моделін өткізді

# Конструктивный обмен

**В КазНУ, на факультете истории, археологии и этнологии, Научно-исследовательский центр по изучению всемирной истории и кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения провели международную научно-теоретическую конференцию «Актуальные проблемы всемирной истории».**



На пленарном заседании конференции выступили директор Центра по делам культуры и образования Египта, атташе Хемдан Ибрагим; декан факультета истории, археологии и этнологии, к.и.н., доцент А. К. Жумадил с докладом на тему «Активизация внешней политики ойратов в Казахстане в 30-90-х годах XVII века»; заведующий кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения, д.и.н., профессор К. Т. Жумагулов – «Значение источников Ватикана в исследовании истории тюркского мира»; заведующий кафедрой истории Казахстана, д.и.н., профессор Т. О. Омарбеков – «Тарақ таңбалылардың түркілік тарихы»; профессор кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения Г. К. Кокебаева – «Лига Прометея и тюркская эмиграция в Европе; научный сотрудник Евразийского научно-исследовательского института (г. Термез, Узбекистан), к.и.н. Д. З. Мирзаев – «Нация как феномен исторического процесса: европейский опыт, советское наследие, современный дискурс» и другие.

Конференция продолжилась работой таких секций, как: «Исследование исторических истоков евразийства в контексте актуальных проблем современности в соответствии с новыми методологическими подходами в исторической науке», «Культурно-гуманитарная интеграция тюркского мира (средние века, новое и новейшее время)», «Мировое сообщество и Казахстан в условиях современной глобализации и интеграции».

Участники мероприятия отметили разнообразие и высокое качество пленарных докладов, представленных учеными-историками из Италии, Германии, Турции, США, Узбекистана, Кыргызстана, а также университетов Республики Казахстан. Например, выступление профессора К. Т. Жумагулова было связано с проделанной им научно-поисковой работой в Ватикане, книгохранилищах и фондах Ватиканской Апостольской библиотеки, занимающей первое место в Европе по древности и богатству манускриптов (рукописей) и библиографических редкостей. Так, им были выявлены новые источниковые материалы по истории Гуннской империи, Аварского и Тюркского каганатов, а также государственных и племенных образований на территории Казахстана в эпоху средних веков. Большая часть этих источников представлена на латинском языке. Как отметил профессор К. Т. Жумагулов, все эти и другие известные уже науке материалы демонстрируют неоспоримую истину о древности казахской государственности, начиная с эпохи саков, гуннов, тюркских каганатов, Алтын Орды и Казахского ханства.

Научный форум стал площадкой для плодотворных дискуссий, конструктивного обмена мнениями ученых по проблемам Всемирной и отечественной истории.

**ПРЕСС-СЛУЖБА**

# Школа новых знаний

В общежитии № 9 студенты – члены клуба «Что? Где? Когда?» свое выступление посвятили Дню Первого Президента и независимости РК. Это была очередная интеллектуальная игра молодых игроков, которая регулярно проводится на факультете философии и политологии и посвящается знаменательным событиям.

Оригинальность деятельности клуба заключается в том, что студенты проходят в нем весьма интересную и полезную школу восполнения знаний по многим гуманитарным, социально-экономическим и политическим проблемам. Десятилетний опыт показал высокую эффективность учебно-воспитательной работы со студентами во внеучебное время. Членами клуба являются самые талантливые студенты – отличники учебы.

Несмотря на жесткие правила игры, по большинству из заданных вопросов были получены досрочные ответы. А ведь речь шла об исторических и рубежных этапах, датах становления и развития молодого государства. Были заданы и другие сложные вопросы по проблемам культуры, науки и образования. Это праздничное интеллектуальное мероприятие показало, что студенты не только хорошо знают, но и любят свою Родину, а также и то, какую огромную роль в становлении государства сыграл Нурсултан Абишевич Назарбаев.

Именно он как выдающийся организатор и Президент страны стоял у истоков модернизации всех сторон жизни постсоветского Казахстана. Студентов и преподавателей радует тот факт, что наш Президент как лидер нации всегда показывает примеры неустанной титанической деятельности по улучшению социально-экономического развития общества, чтобы Казахстан вошел в число 50 самых развитых стран мира. Вот почему всех участников клуба и присутствующих в зале заинтересовала сама тема необычной интеллектуальной игры. Ведь нужно было ответить на самые сложные вопросы (на обдумывание ответов, которых давалось всего 15 секунд) по истории, политике, знаменательным датам и рубежам строительства государства – Республики Казахстан. Игроки с этой задачей справились с честью, показав высокие




знания и смекалку.

В заключение праздничного вечера лучшим игрокам – А. Жунисбековой, М. Абдрахмановой, К. Байкуванову и др. были вручены памятные подарки. Было отмечено, что подобные мероприятия не только дают большой заряд бодрости, но и возможность познать студентам малоизвестные, интересные события и факты, которые позволяют формировать востребованных специалистов с качествами современной творчески мыслящей личности.

**М. Ф. ПУЗИКОВ,**
*руководитель интеллектуального студенческого клуба «Что? Где? Когда?», доктор исторических наук, профессор*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №922

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.